

Romashev K.M., Zhumageldiev A.A., Akkozova A.S., Ergymarova M.O.,
Bazarbaev R.K., Shalharova D.J.

DETERMINING THE AMOUNT OF VITAMINS AND MINERAL SUBSTANCES IN COMPOSITION MEAT OF RABBIT OF BREED

Determining the amount of vitamins and mineral substances in meat composition of rabbit of the "White giant", "Silvery" and "Soviet chinchilla" breed. On the basis of scientific research was defined that the amount of vitamins in meat of rabbit in a limit 0,008-8,3 mg, the amount of the mineral substances in a limit 19-2400 mgs in a 100 gramme.

Key words: meat of rabbit, vitamins, mineral substances.

ӘОЖ: 637.5:636.92

**Ромашев Қ.М., Жұмагелдиев А.Ә., Ақкөзова А.С., Шалхарова Д.Ж.,
Манкібаев А.Т., Қазтаева Б.Қ.**

Қазақ ұлттық аграрлық университет

ӘР ТҮРЛІ ТҰҚЫМДАС ҚОЯН ЕТІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АМИН ҚЫШҚЫЛДАРЫ МӨЛШЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Аңдатпа

Зерттеу нәтижелері бойынша «Советтік шиншилла» тұқымы қоян етінде ауыспайтын амин қышқылдары 8188 мг/100 г, «Күміс тәрізді» тұқымында қоян етінде 8001 мг/100 г, «Ақ алып» тұқымында қоян етінде 7856 мг/100 г құрайды, ал ауысатын амин қышқылдары 13133 мг/100 г, 12812 мг/100 г және 12579 мг/100 г. Зерттеу көрсеткіші бойынша барлық қоян етінде керекті амин қышқылдары бар, ол химиялық және амин қышқылдары қоян етінің сапасын жақсартады.

Кілт сөздер: амин қышқылдары, қоян, қоян еті, тағамдық құндылық.

Кіріспе

Амин қышқылдары барлық тірі организмдерде жүретін азотты заттар гормондардың, витаминдердің, медиаторлардың, пурин және пиримидин негіздерінің, алколойдтардың, т.б заттардың негізгі де, бастапқы қосылыстары болып саналады және зат алмасуына қатысады, жануарлар мен өсімдіктер организмдердің барлық ақуыздарының мономерлері қызметін атқарады. Жасушалардағы протеиндер биосинтезиндегі амин қышқылдарының ақуыздағы орындарын генетикалық код анықтайды. Микроорганизмдер мен өсімдік организмдерінің көпшілігінде, оларға қажет амин қышқылдарының барлығы түгелімен, аталған организмдерде түзіледі, ал адам мен жануарлар организмдерінде ауыспайтын амин қышқылдары түзілмейді, олар тек дайын түрінде ғана тамақ пен азықтың құрамымен организмге келеді. Біздің ғылыми зерттеу жұмыстарымыздың мақсаты әр түрлі тұқымдарына байланысты қоян еті құрамындағы амин қышқылдарының мөлшерін анықтау [1].

Қоян етінің сапалылығына көптеген ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Олардың бірі тегіне байланысты болады. Қояндардың көбеюге дайындығы 3-3,5 айында басталады, бірақ оларды бұл жаста шағылыстыруға болмайды, өйткені олардың ағзасы әлі де толыққанды қалыптаспаған. Ірі тұқымды ұрғашы қояндарды 5 айлығында салмағы 3,5 кг болғанда, ал орташа тұқымдылары 4 айдан асқанда, салмағы кемінде 2,5 кг-ға жеткенде шағылыстыру ұсынылады. Қояндардың өмір сүру ұзақтығы – 5-8 жыл, бірақ олардың өнім

беруі 3 жылды құрайды, өйткені жасы ұлғайған сайын қояндардың көбею мүмкіндігі төмендейді [2,3].

Материалдар және әдістер

Ғылыми зерттеу жұмыстары Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданына қарасты Керейт ауылында орналасқан қоян өсіру шаруашылығында жүргізілді. Зерттеу материалдары ретінде аталған шаруашылықта өсірілетін «Ақ алып», «Күміс тәрізді» және «Советтік шиншилла» тұқымдарынан алынған қоян ұшалары алынды. Зерттеу барысында жоғарыда аталған тұқымды қоян ұшаларының сезімдік көрсеткіштері, ет шығымы, сонымен қатар қоян етінің амин қышқылдық құрамы анықталды.

Қоян етінің құрамындағы амин қышқылдарының мөлшері ААА881 – Автоматтандырылған амин қышқылды анализатордың көмегімен жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Қоян етінің құрамындағы ауыспайтын амин қышқылдарының мөлшерін анықтау нәтижелері төмендегі 1-кестеде беріліп отыр.

1– кесте. Қоян етіндегі ауыспайтын амин қышқылдар

Амин қышқылдарының атауы	Зерттеуге алынған қоян тұқымдары		
	Ақ алып	Советтік шиншилалар	Күміс тәрізді
Амин қышқылдық құрамы, мг/100г: ауыспайтын амин қышқылдар	7856±0,8	8188±0,9	8001±0,8
Валин	1073±0,11	1118±0,12	1092±0,11
Изолейцин	872±0,09	909±0,10	889±0,09
Лейцин	1750±0,15	1824±0,15	1782±0,16
Лизин	2219±0,16	2313±0,17	2260±0,17
Метионин	504±0,10	525±0,10	513±0,10
Трионин	921±0,12	960±0,12	938±0,12
Фениоланин	517±0,075	539±0,09	527±0,08

1-ші кестедегі зерттеу нәтижелері бойынша ауыспайтын амин қышқылдары «Ақ алып» қоян етінде 7856 мг/100г, «Советтік шиншилла» қоян етінде 81118 мг/100г, ал «Күміс тәрізді» қоян етінде 8001 мг/100г мөлшерінде анықталды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «Ақ алып» және «Күміс тәрізді» қоян етімен салыстырғанда ауыспайтын амин қышқылдардың мөлшері «Советтік шиншилла» қоян етінде көп екендігін көріп отырмыз.

Қоян етінің құрамындағы ауысатын амин қышқылдарының мөлшерін анықтау бойынша зерттеу нәтижелері 2 – кестеде көрсетіледі.

2 - кесте. Қоян етіндегі ауысатын амин қышқылдарының мөлшері, 100 г/мг есебімен

Амин қышқылдарының атауы	Зерттеуге алынған қоян тұқымдары		
	Ақ алып	Советтік шиншилалар	Күміс тәрізді
Ауысатын амин қышқылдар	12579±1,13	13113±1,25	12812±3,9
Аланин	1504±0,14	1568±0,16	1532±0,15
Аргинин	1482±0,12	1545±0,14	1509±0,12
Аспарагин	1887±0,17	1967±0,21	1922±0,17

Гистидин	632±0,09	659±0,09	644±0,08
Глицин	964±0,12	1005±0,12	982±0,11
Глутамин	3473±0,21	3620±0,23	3537±0,22
Оксипролин	202±0,02	211±0,03	206±0,04
Пролин	851±0,09	887±0,08	867±0,09
Серин	854±0,09	890±0,09	869±0,09
Тирозин	468±0,05	488±0,06	477±0,05
Цистин	262±0,03	273±0,04	267±0,03

2-ші кестеден көріп отырғанымыздай, «Ақ алып» және «Күміс тәрізді» қоян тұқымдарының етінің құрамында ауысатын амин қышқылдарының мөлшері шамалас болды. «Советтік шиншилла» тұқымды қоян етінің құрамындағы ауысатын амин қышқылдарының мөлшері көп екендігі көрініп тұр.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша ауыспайтын амин қышқылдарының мөлшері «Күміс тәрізді» және «Ақ алып» тұқымының қоян мен салыстырғанда сәйкес алғанда «Советтік шиншилла» қоян тұқымының етінің құрамында 187 мг/100г және 332 мг/100г артық. Ауысатын амин қышқылдарының мөлшері «Советтік шиншилла» қоян тұқымының етінің құрамында, зерттеудегі қалған екі тұқымды қоян етімен салыстырғанда, сәйкесінше 301 мг/100г және 534 мг/100г артық екені анықталды.

Қорытынды

«Күміс тәрізді» және «Ақ алып» тұқымды қоян етінің құрамындағы амин қышқылдарының мөлшеріне қарағанда «Советтік шиншилла» қоян тұқымының етінің құрамында 187 мг/100г және 332 мг/100г ауыспайтын амин қышқылдар мөлшері артық болды. Ауысатын амин қышқылдарының мөлшері «Күміс тәрізді» және «Ақ алып» қоян тұқымының етінің құрамындағыдан «Советтік шиншилла» қоян тұқымының етінің құрамында да 301 мг/100г және 534 мг/100г артық болды. Жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша қоян етінде адам организміне қажетті барлық амин қышқылдарының бар екені дәлелденді.

Әдебиеттер

1. Аккозова А.С. «Үй қояндарының өнімдері мен шикізатын өндіру технологиясы және санитариялық сапасын анықтау». /Магистрлік диссертация. Алматы, 2013ж.
2. Ромашев Қ.М., Жұмагелдиев А.А., Аккозова А.С., Джолдасбекова М.А. «Қоян етінің тұқымдарына байланысты химиялық құрамы» Материалы Международной научно практической конференции «Современные проблемы борьбы с особо опасными экзотическими и зооантропонозными болезнями животных» посвященная 70- летию профессора Н.Г. Асанова, Алматы 2012. с179-181.
3. Қырықбайұлы С., Телеугали Т.М. /Ветеринариялық санитариялық сараптау практикумы. Алматы 2007ж.

Ромашев Қ.М., Жұмагелдиев А.А., Аккозова А.С., Шалхарова Д.Ж.,
Манкібаев А.Т., Қазтаева Б.Қ.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ КОЛИЧЕСТВО АМИНОКИСЛОТ В СОСТАВЕ МЯСО КРОЛИКОВ РАЗНЫХ ПОРОД

В статье приведены результаты исследования количество аминокислот в составе мяса кроликов разных пород. По результатом исследований установлено, что в мясе кролика

породы «Советская шиншилла» количество незаменимых аминокислот составляет 8188 мг/100г, в мясе кролика породы «Серебристая» 8001 мг/100г, а в мясе кролика породы «Белый великан» 7856 мг/100г, а заменимые аминокислоты соответственно 13133 мг/100г, 12812 мг/100г и 12579 мг/100г.

На основании исследования полученных, можно заключить что в мясе кроликов содержится необходимое количество аминокислот, которые улучшает химический и аминокислотный состав мяса кролика.

Ключевые слова: аминокислоты, кролик, мясо кролика, пищевая ценность.

Romashev K.M., Zhumageldiev A.A., Akkozova A.S., Shalharova D.J.,
Mankibaev A.T., Kaztaeva B.K.

DETERMINATION AMOUNT OF AMINO ACIDS IN COMPOSITION MEAT OF RABBIT OF DIFFERENT BREEDS

In the article presented the research results of amino acids amount in meat composition of rabbit of different breeds. On the result of researches evidently, that in rabbit meat of "Soviet chinchilla" breed the irreplaceable amino acids consist 8188 mg/ 100g, in rabbit meat of "Silvery" breed 8001 mg/ 100g, and in rabbit meat of the "White giant" breed 7856 mg/100g, and replaceable amino acids according to 13133 mg/100g, 12812 mg/100g and 12579 mg/ 100g.

On the basis of research we can see that there are all necessity amino acids in meat of rabbit, which is improved chemical and amino acid composition of rabbit meat.

Key words: amino acids, rabbit, meat of rabbit, food value.

ӘОЖ: 637.5:636.92

**Ромашев Қ.М., Аккозова А.С., Шалхарова Д.Ж.,
Қазтаева Б.Қ., Джунисбаева С.М**

Қазақ ұлттық аграрлық университет

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОЯН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНДА ҚОЯН ТҰҚЫМДАРЫ ЕТТЕРІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Андатпа

Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданындағы қоян шаруашылығында, қоян етінен зерттелген химиялық құрамының көрсеткіштері келтірілген. Зерттеулерде «Ақ алып», «Күміс тәрізді» және «Советтік шиншилла» тұқымдас қояндар қолданылды. Зерттеу көрсеткіштері арқылы, қорытындылай келе «Күміс тәрізді» және «Советтік шиншилла» етіне қарағанда «Ақ алып» қоян тұқымы етінің энергетикалық құндылығы жоғары екені дәлелденді.

Кілт сөздер: қоян, ақуыз, май, ылғалдылығы, күл, энергетикалық құндылығы.

Кіріспе

Қоян еті – барлық диеталық еттің ішінде маңызды орын алады. Ол селді, нәзік, дәмі жағынан тауық етіне жақын, қуаттылығы өте жоғары, тез қорытылады. Құрамында белок пен майдың мөлшеріне қарай қоян еті тауықтың етінен әлдеқайда асып түседі. Қоян етінің құрамында жоғары дәрежеде құнды ақуыз, аз мөлшерде майдың экстрактивті заттары және